



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Ағартушылық философиясы:  
Пьер Бейль, Монтескье,  
Жан-Жак Руссо



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 13. Ағартушылық философиясы: Пьер Бейль, Монтескье, Жан-Жак Руссо

Адам Смит пен Томас Рид кейінірек шотланд Ағартушылығы ретінде белгілі болған құбылысқа ерекше реңк берген екі көрнекті ойшыл болды. XVIII ғасырдағы Еуропаның күллі зиялы қауымы надандық пен тұрпайы наным-сенім жайлаған аймақтарға ақыл-ойдың сәулесін жеткізіп отырмыз деп есептеді, бірақ тек Францияны ғана Ағартушылықтың басым көрініс тапқан ошағы деп қарастырды. Француз Ағартушылығының шыңы – Дени Дидро мен Жан Даламбердің басшылығымен дайындалған «Энциклопедия немесе ғылым, өнер және кәсіп сөздігінің» 1750–1760 жылдар аралығында он жеті томының жариялануы болды. Алайда бұл манифестің негізін басқа француз ойшылдары жарты ғасырдан астам уақыт дайындаған еді.

Пьер Бейль (1647–1706) «Тарихи және сыни сөздігін» (Dictionnaire Historique et Critique) ұсынып, Киелі кітаптағы кейіпкерлер мен тарихи қаһармандарды егжей-тегжейлі зерттеп, табиғи және жасалған теологияның қайшылығы мен жүйесіздігін көрсетті. Оның шолуындағы мораль мынадай: Құдайға сенім дінге еріктілік жалпы орнағанда ғана мүмкін және этиканы оқыту діннен тәуелсіз болуы тиіс. Адамның ажалсыздығына немесе Құдайдың бар екеніне сенім ізгілікті өмір үшін қажетті бірдеңе болған емес.

Бейльдің скептицизмін көп ойшылдар, әсіресе Лейбниц өзінің «Теодицеясында» терістеді. Бірақ оның діни билікке жағымсыз көзқарасы Германиядағы да, Франциядағы да Ағартушылық ойшылдарына қуат берді. Ағартушылықтың жағымды элементі – адамның әлеуметтік және саяси жағдайын ғылыми түсінуге жету талпынысы – ең алдымен басқа, жүйелірек ойшыл Шарль де Секонда барон Монтескьенің (1689–1755) жетістігі.

Монтескьенің ұлы шығармасы – «Заңдар рухы», бұл еңбекте мемлекет табиғатының теориясы тарихи және әлеуметтік білім негізінде құрастырылған. Ұзақ уақыт жазылған осы туындының алдында қысқа екі шығарма жарық көрді – 1721 жылғы «Парсы хаттары», онда француз қоғамы мысқылға ұшырап, ежелгі римдіктердің ұлылығы мен құлдырауы сөз болады (1734).

Монтескье біраз уақытын Англияда өткізіп, ағылшын Конституциясына өте риза болып қайтты. Кейінгі Ағартушылық философтары, өздерін Декарт, Спиноза, Лейбництің емес, Бэкон, Локк, Ньютонның ізбасарларымыз деп есептеген ойшылдар секілді, ол да ағылшындарға айрықша құрметпен қарады. Вольтердің бірінші философиялық шығармасы – 1734 жылы жазылған «Философиялық хаттар» ағылшындардың саяси және шіркеу институттарының салыстырмалы еркіндігі мен ұстамдылығы туралы энтузиазмге толы. 1726 жылы Англияға жер аударылуынан бұрын ақсүйектерді даттаған памфлеттері үшін екі рет Бастилияға қамалғаны оның британдық толеранттылыққа сүйсінуінің шынайылығын күшейте түсті.

«Локк, – дейді Вольтер өзінің он үшінші хатында, – адамның жаны туралы оған дейінгі философтар құрастырған романтикалық қиялдардың орнына парасатты түсіндірме берген алғашқы философ болды. Ол адамзатқа кісінің ақыл-ойын адам тәнінің механизмін түсіндірген жақсы анатомист сияқты етіп көрсетіп берді». «Энциклопедия» жарыққа шығатын 1738 жылы Вольтер өзінің «Ньютон философиясын» жариялап, ағылшын ғылымы мен философиясының белсенді публицисіне айналды. Энциклопедия идеясының өзі 1728 жылы Эфраим Чемберс екі томдық «Энциклопедияны немесе Өнерлер мен ғылымдардың әмбебап сөздігін» басып шығарған Англиядан келді.

«Энциклопедияның» екі редакторы – таланты мен темпераменті жағынан алғанда әртүрлі адамдар еді. Даламбер – сұйықтық динамикасы саласында қайталанбас еңбек жазған дарынды математик. Ол адамдардың бәріне арифметика мен геометрияның айқындығы мен дәлдігін жеткізуге ұмтылды. Ол біртұтас ұлы ғылым идеалын бұрыннан жақтаған ғалым еді. «Ғалам, – деп жазды ол «Энциклопедияға» кіріспесінде, – оны бір көзқарас тұрғысынан қалай қабылдау керектігін білетін адамдарға тек бір ғана факт, бір ұлы ақиқат болар еді». Оны физикадан гөрі биологиялық және әлеуметтік ғылымдар көбірек қызықтырды. Даламбер академияларда оқып жүрген кезде Дидро ғаламды құрастыру мәселесіне күмәнмен қараған «Соқырлар туралы хаттары» үшін түрмеде отырды. Бұл екі тұлғада ғылыми прогрестің жеңісіне, христиан дінінің адамды жетілдіру жолындағы үлкен кедергі екеніне және адамның табиғатына материалистік көзқарасқа деген ортақ сенім болды. Олар «Энциклопедия» авторлары ретінде өздерімен мүдделес ойшылдар тобын жинады, бұл ғалымдардың арасында Монтескье мен Вольтермен қатар, философ-дәрігер, жақында жарияланған «Адам-машина» еңбегінің авторы Жюльен де Ламетри, керемет философиялық салонды басқарған атеист барон Гольбах және



«адамдарда ешқандай интеллектуалдық қабілет жоқ, сезімдер ғана бар» деп жазғаны үшін аты шулы болып кеткен психолог-детерминист Клод Гельвеций бар еді.

Ағартушылық философтары антиклерикалдар болғанмен, атеистер емес-ті. Мысалы, Вольтер Ньютон түсіндірген әлем, сағаттың сағат жөндеушіні көрсететіні сияқты, Құдайдың бар екенін ашып берді деп ойлады. Ол 1764 жылы өзінің философиялық сөздігін жариялағанда, атеизм туралы:

«Атеизм – билік басындағылардың, сонымен қатар, ғалым адамдардың бойындағы ең құбыжық зұлымдық, тіпті олардың өмірі еш күнәсіз болса да. Себебі олар өздерінің зерттеу объектісі ретінде лауазымды қызметтегі адамдарды таңдап алуы мүмкін; ол фанатизм секілді соншалықты қауіпті болмаса да, ізгілік үшін ылғи дерлік өліммен аяқталады. Философ емес математиктер ақырғы себептерден бас тартты, бірақ нағыз философтар оларды қабылдайды және белгілі автор айтқандай, катехизис Құдайды балаларға жеткізеді, ал Ньютон оны дана адамдарға көрсетеді».

«Егер Құдай бар болмаса, – дейді Вольтер өзіне тән тапқырлықпен, – оны ойлап табу керек еді: әйтпесе моральдық заңның ешқандай мәні қалмайды». Алайда оның өзі әлемді еркін жаратқан Құдайға сенбеді. Мұндай Құдай Лиссабонда 1755 жылы болған жер сілкінісі сияқты апаттардың жауапкершілігін өз мойнына алуы тиіс еді. Әлем еркін жаратылған жоқ, ол қажетті жаратылыс, Құдайдың бар екенінің мәңгілік салдары болды. Атеист деген айыптаулардан бас тарту үшін Вольтер өзін «теиспін» деп атады, алайда діндарлықтың ол ұсынған түріне сенетіндер үшін қалыпты философиялық термин – «деист» термині.

Өздері көбіне француз революциясының ізашарлары болса да, бұл философтар радикалдар, тіпті демократтар да емес. Дидро Ресейдің Ұлы Екатеринасының қамқорлығын қабыл алды, ал Вольтер үш жыл пруссиялық II Фридрихтің камергері болды. Олардың еркіндік туралы ойлары 1789 жылғы француз революционерлерінің идеяларынан гөрі 1688 жылғы ағылшын төңкерісшілерінің идеяларын көбірек еске салатын. Өз ойын ашық білдіру еркіндігі олар үшін ең бағалы еркіндік болды, олар таңдаулы деспоттарының білімділігі өздері күткеннен төмен екенін байқаса да, автократияға түбегейлі қарсы болмады. Екеуі де үкімет тарапынан жасалған қиянаттарға қарсы тұру үшін тәуекелге бел байлауға дайын еді, бірақ қандай да бір іргелі саяси өзгерістерге ұмтылмады. Олар қарапайым адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді онша қаламады, «тобыр» – Вольтердің сүйікті сөзі еді.

## Руссо

Ғылыми ізденістерді әрі қарай жүргізуге білек сыбана кіріскен энциклопедист – музыка тақырыбына бірнеше мақала дайындаған Жан-Жак Руссо еді. Женевада 1712 жылы сағат жөндеуші шебердің отбасында дүниеге келген Руссо кальвинистік тәрбие алды, алайда он алты жасында Туринге қашып кетіп, ақырында католикке айналды. Оның мұндай қадамына себеп болған 1729–1740 жылдар аралығында өзімен бірге тұрған Барон де Варенс еді. Ән айтып, сосын үйде үйрететін репетитор болып аз уақыт жұмыс істеген ол 1743 жылы Францияның Венециядағы елшісінің хатшысы қызметіне кірісті. Кейін тәртіпке бағынбағаны үшін жұмыстан қуылған Руссо Парижге жол тартып, Дидромен жақын танысты, тіпті түрмеде отырғанында оған барып та тұрды. Руссо біршама уақыт Даламбермен және Вольтермен жақсы қарым-қатынаста болды. Алайда 1750 жылы «Өнер мен ғылымның дамуы моральға әсер етті ме?» деген сұраққа теріс жауап берген эссесін жариялап, Руссо философтарды шалқасынан түсірді. Төрт жыл өткен соң ол «Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығу тегі мен негіздері туралы толғамы» деп аталатын еңбегін (Discourse on the Origin and Foundation of Inequality among Men) жариялады. Екі туындының да тақырыбы – «адамзат жақсы еді, алайда әлеуметтік институттар оны бұзды» дегенге саятын, яғни адамның «бекзат жабайы» тіршілік етуші ретіндегі мінсіз болмысын өркениет күйретті дейді. Әрине, мұның бәрі ғылыми және әлеуметтік прогреске сенген энциклопедистердің ілімдеріне қарама-қайшы еді: мәселен, Вольтер «Толғамды» «Адамзатқа қарсы кітап» деп атады.

Әлеуметтік келісім атаулыны жек көретінін Руссо кір жуушы әйел Тереза Левассермен ұзақ-қа созылған байланысы арқылы іс жүзінде көрсетті. Екеуінен туған балаларының бірінен соң



бірін Руссо жасөспірімдер госпиталіне берді. Фонтеблода XV Людовиктің алдында орындалған «Ауылдан шыққан сәуегей» (Le Devin du village) операсын жазған соң, ол 1754 жылы Женеваға оралып, азаматтығын қайтып алу үшін қайтадан кальвинист бола қалды. Вольтер Берлиннен Женеваға қоныс аударды, алайда екі философтың жақсы көрші болуын тағдыр жазбады: олардың бір-біріне деген өшпенділігі Руссоның 1756 жылы жазылған «Аян туралы хатында» көрініс тапты. Даламбер 1757 жылы энциклопедияда Женева туралы мақаласын жариялап, қала басшылығының комедияларды қоюға тыйым салғанына қатысты екіншіні білдіргенде, Руссо Платонның «Мемлекетінің» ізімен театрдың қоғамға адамгершілік тұрғысынан кері әсері туралы баяндаған жауабын – «Даламберге хатын» жариялады. Руссо Дидроға деген сенімінен айрылып, онымен араздасып та үлгерді, ал оның философтармен байланысы 1861 жылы өзінің «Мораль туралы хаттары» жарық көргенде біржола үзілді.

1758–1761 жылдар аралығындағы кезең қызметінен кетіп, қаланың сыртындағы шағын француз үйінде тұрып жатқан Руссо үшін өте жемісті болды. Оның «Жаңа Элоиза» (La Nouvelle Heloise) романы 1761 жылы Парижде жарық көрген бойда бестселлерге айналды. Ол философиялық екі трактат жазды, бірі – білім беру тақырыбында, «Эмиль» деп аталады, екіншісі – саяси философия мәселелеріне арналған «Қоғамдық келісімшарт». «Эмиль» эксперимент ретінде басқа балалардан бөлек білім алған сәбидің өмірін суреттейді; ал «Қоғамдық келісімшарт» «адам еркін болып туып еді, енді барлық жерде бұғауланған» деген есте қаларлық сөздермен басталады [1]. Бұл екі еңбек 1762 жылы жарияланды, сол бойда-ақ олардағы арандатушы деп сипатталған доктрина қоғамның ашу-ызасын тудырды. Архиепископ пен парламент айыптаған «Эмиль» «Қоғамдық келісімшартпен» бірге Парижде отқа өртелді. Қамауға алыну қаупі туған соң Руссо Швейцарияға қашып кетті (Женева ол уақытта бұл елге қарамайтын). Кейін континенттің әртүрлі қалаларынан баспана іздеген оған Дэвид Юмнің көмегімен Англияда тұруға рұқсат беріліп, III Георгтың атынан зейнетақы тағайындалды. Бірақ адамның жақсылығын бағаламайтын жаман қасиеті оның Юммен ренжісуіне себепкер болды да, Руссо Францияға оралып, өмірінің соңғы жылдарын (1770–1778) Парижде өткізді. Осы кезеңнің басты жетістігі: өзі дүниеден өткен соң бірнеше жылдан кейін жарық көрген өмірбаяндық кітабы – «Тәубе» (Confessions) болды.

Сол 1178 жылы Вольтер де қайтыс болды. Өмірінің кейінгі жылдарында оның жазбаларының антихристиандық мазмұны күшейе түсті. Женеваға жақын орналасқан, өзі үшін қауіпсіз мекен саналатын Ферниде ол өткір сипаттағы «Философиялық қалта сөздігін» (1765) және «Теистердің сенім қуатын» (1768) бітіріп, жариялады. Сонымен қатар, ол тарихи шығармалар мен драмалар да жазып, «Ирэн» пьесасы алғаш рет салтанатты түрде қойылған түні Парижге оралған бойда дүние салды. Өмірден жауласып өткен Руссо мен Вольтер бүгін Парижде Францияның ұлы адамдарына арналып салынған мавзолейде – пантеондағы табытта қатар жатыр.

Француз Ағартушылығы философтарының көбі, әсіресе Руссо, олар дүниеден өткен соң Франция мен Еуропаны дүр сілкіндірген төңкерістерге жауапты деп есептеледі. «Француз революциясының» авторы Томас Карлейльді бизнесмендер бір кездері «қарапайым идеяларға тым еліккіш» деп сөккен болатын. «Кезінде ішінде идеядан басқа ештеңе жоқ кітап жазған Руссо деген адам өмір сүрген» деп жауап берді оларға Карлейль. Екінші басылым біріншісінің мұқабасымен шықты.

Руссо «адам дүниеге еркін болып келеді және барлық жерде кісендеулі» деуден бастағанда, өркениеттің күйретуші салдарлары туралы оның бұрынғы еңбектерін оқыған адамдар бұл кісендердің әлеуметтік институттардың кісендері, сондықтан ол бізді әлеуметтік құрылымды төңкеріп тастауға шақырып тұр деп ойлап қалады. Оның орнына ол бізге бұл – басқа құқықтарға негіз болатын қасиетті құқық дейді. «Әлеуметтік институттар, – деп есептейді Руссо, адамды құлдыққа салмайды, керісінше, азат етеді».

Гоббс пен Локк секілді, Руссо да адамдардың табиғи жағдайда тіршілік етуін қарастырудан бастайды. Оның осындай жағдай туралы жазылған, ізгілікті жабайы туралы алдыңғы ойларына сәйкес келетін әңгімесінің Гоббстың пікірлеріне қарағанда оптимистік мазмұны анағұрлым басымдау. Табиғи күйде адамдар бір-бірімен жауласпайды. Әрине, оларда өзіне деген махаббат бар, бірақ ол – эгоизм емес: ол адамдарда да, жануарларда да өзінің жолдастарына деген жанашырлықпен және аяушылықпен үйлесімді бола алады. «Табиғи күйде адамдарда





қарапайым ғана, жануарлық тілек-қалау бар: дүниеде жалғыз ғана игілік бар, ол тамақ, әйел және ұйқы: ол қорқатын жалғыз ғана нәрсе – ауру мен аштық». Мұндай қалаулар бұдан күрделілеу қоғамдағы билікке ұмтылумен бәсекелесе алмайды.

Табиғи күйде меншік құқы жоқ, яғни әділеттік те, әділетсіздік те жоқ дей отырып, Руссо Локкқа қарсы шығады және Гоббспен келіседі. Алайда қоғамның алғашқы қауымдық түрінен бастап дамуы барысында осындай құқықтардың жетіспеушілігі сезіле бастайды. Экономикалық ынтымақтастық пен техникалық прогресс тұлғалар мен меншікті қорғайтын ассоциациялар құру қажеттігін туғызады. Ассоциацияның әрбір мүшесіне бұрынғыша еркін күйде қала беруіне рұқсат беріліп отырғанда мұны қалай жасауға болады? Қоғамдық келісімшарт бұл мәселені жалпы ерік концепциясын ұсына отырып, шешуді қарастырады.

Жалпы ерік «біздің әрқайсымыз өзінің еркін және бүкіл билігін жалпы еріктің жоғары басқаруымен біртұтас етуге ұластырғанда және корпоративтік ұжымда біз әрбір мүшемізді тұтастың ажырамас бөлігі ретінде қабылдағанда» ғана пайда болады. Бұл келісімшартты көпшілікке танымал адам, моральдық және ұжымдық субъект, мемлекет немесе суверен халық құрастырады. Әрбір адам азамат, сонымен қатар, субъект: азамат ретінде ол суверен билікті бөліседі және субъект ретінде мемлекет заңдарына бағынуға міндетті.

Руссоның суверенінің Гоббс түсінігінен ерекшелігі – ол өзара келісе отырып қалыптастыратын азаматтардан тәуелсіз өмір сүрмейді, яғни оның олардан тәуелсіз ешқандай мүддесі болуы мүмкін емес: ол жалпы ерікті білдіреді және қоғамдық игілікке жетудегі ұмтылысында қателесе алмайды. Өздерін еліктірген нәрсенің бәрін алғылары келіп, адамдар табиғи еркіндіктерін жоғалтады, бірақ меншікке тұрақты ие болуға жеткізетін азаматтық еркіндікке ие болады.

Бірақ жалпы ерік деген не және оны қалай тағайындау керек? Ол азаматтардың өз еріктерін бірауыздан білдіруі емес: Руссо «жалпы ерік» пен «бәрінің еркін» бөліп қарастырады. Индивидуумның еркі жалпы ерікке қарсы келуі мүмкін. «Бәрінің еркі мен жалпы еріктің арасында маңызды айырмашылық жиі кездеседі. Соңғысы жалпы мүдделерге ғана, ал соңғысы жеке, бірақ нақты қалаулардың жиынтығы болып саналатын мүдделерге қатысты». Олай болса, жалпы ерік азаматтардың басым бөлігінің еркімен бірдей болуы тиіс деуіміз керек пе екен? Халықтар ассамблеясындағы талқылауларда қателік ешқашан кездеспейді деуге болмайды: сайлаушылар надандықтан зиян шегуі немесе өздерінің жеке мүдделерінің жетегінде кетулері мүмкін.

Бұдан туындайтыны, тіпті жалпы ерік те референдум арқылы тағайындала алмайды және осы, шамасы, оны практикалық құндылығы жоқ абстракцияға айналдырып тұр. Алайда Руссо бұл екі жағдайда плебесцит арқылы анықтала алады деп есептеді: біріншіден, әрбір сайлаушы толығымен хабардар болуы тиіс, екіншіден, екі сайлаушы бір-бірімен байланысты болмауы керек. Екінші шарт көлемі бүкіл қоғамдастықтан аз топтар қалыптастыруға жол бермеу үшін ұсынылған. Руссо: «Мемлекетте жекелеген қоғам болмауы және әрбір азамат өз мүдделері туралы ойламауы үшін жалпы еріктің өзін-өзі білдіре алуы өте маңызды» деп жазды. Осылайша, жалпы ерік референдумде көрініс табатын болса, саяси партияларға ғана емес, діни топтарға да тыйым салынуы тиіс. Жекелеген тұлғалардың мүдделері арасындағы қайшылықтар бүкіл қоғамдастық контекстінде ғана жойылып, суверен халықтың эгоистік мүдделеріне әкеледі.

Руссо билікті бөлуді жақтай қоймайды. «Халықтың суверенитеті, – дейді ол, – бөлінбейді: биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының өкілеттігін бөлсек, суверенитет әлсірей бастайды». Алайда жауапкершілікті іс жүзінде бөлу оның суверен халық айтарлықтай жалпы сұрақтар бойынша ғана заң қабылдап, нақты сұрақтар бойынша атқарушы билікті субъект пен сувереннің арасындағы делдал болып саналатын үкіметтің қолына беруі тиіс деген талабынан туындайды. Бірақ үкімет әрқашан халықтың өкілі ретінде әрекет етуі тиіс және халық ассамблеясы Конституцияны бекітіп, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың өкілеттілігін ұзарту немесе тоқтату үшін белгілі бір уақыт аралығында жүйелі түрде жиналып отыруға міндетті.

Келісімшарттың Руссо ұсынған түрі Швейцария аймағында немесе Женева сияқты қала-мемлекетте ғана пайдалы деп ойлаймыз. Алайда ол Монтескье сияқты барлық жағдайларға сай келетін биліктің жалғыз формасын ұсынуға болмайды деп тұжырымдады. Бірақ жалпы ерік теориясы кеңірек қолдану мәселесін көтереді. Руссоның мемлекетіндегі азамат барлық



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 13. Ағартушылық философиясы: Пьер Бейль, Монтескье, Жан-Жак Руссо

заңдарға, соның ішінде, ол келіспесе де, қабылданған заңдарға да келісімін береді. Мұндай мемлекеттегі диссидент азшылықтың құқықтары қандай?

Руссо қоғамдық келісімшарт мынадай жауапкершілікті үнсіз қамтиды дейді: оған бағынғысы келмеген адамда көндіру үшін, басқа азаматтар қысым көрсетуі мүмкін. «Бұл ол еркін болуға мәжбүр болады дегенді білдіреді». Егер де мен кейін жеңіп шығатын шараға қарсы дауыс беретін болсам, бұл менің ақиқат игілігім мен нағыз еркіндігімнің не екені туралы қателескенімді көрсетеді. Бірақ түрмеде отырған қылмыскер пайдаланатын еркіндік – жалпы еріктің онша жақсы көрінісі болып саналмайтын, сирек кездесетін еркіндік қана.

Жалпы ерік туралы мазасызданғанына қарамастан, Руссо іс жүзінде демократияны жақтаушы болмады. «Құдайлардан құрылған халық болса, олар өздерін демократиялық жолмен басқарар еді. Бірақ демократияның мұндай жетілген түрі адамдарға жарамайды». Басқаруды халық ассамблеясы тікелей жүзеге асыратын демократияда үкімет, шамасы, кірпияз және тиімсіз болады. Одан гөрі, көпшілікті даналар басқаратын сайламалы аристократияны таңдаған дұрысырақ. «Таңдаулы жүз адам өте жақсы істеп тастайтын нәрсені жасауға жиырма мың адамды мәжбүрлеу мәнсіз». Аристократия азаматтық қоғамда ізгіліктерді демократияға қарағанда аздау қажет етеді, ол талап ететін нәрсе – байлардағы бірқалыптылық және кедейлердегі қанағаттанушылық. Әрине, байлар билік басында отырғанды қалайды: олардың бос уақыты көп.

Бұл адамзатты өзінің кісендерінен құтылуға шақырудан басталған кітаптың ішпыстырарлық және буржуазиялық аяқталуы сияқты болып көрінеді. Десек те, жалпы ерік концепциясы революциялық потенциалға ие болды. Мұқият зерттесек, ұғымның теориялық тұрғыдан когерентті емес және мәнсіз екенін көреміз. А жақсы болса, ал В мейірімді болса, екеуі біріккенде жақсы болады деу шындыққа жанаспайды. Бірақ А мен В арасында ақиқат, міндетті түрде болатын үйлесімсіздік болуы мүмкін деген тұжырым да шындыққа жақын.

Жалпы ерік нені ұсынатынын анықтаудың дәл осы қиындығы жалпы ерік ұғымын демагогтардың мықты құралына айналдырды. Робеспьер француз революциялық терроры қызған кезде өзін жалпы ерікті білдірді және азаматтарды еркін болуға мәжбүрледім деп айта алатын. Оған қарсы шығуға кімнің шамасы келетін еді? Жалпы еріктің білдіру үшін Руссо тағайындаған шарттар мынадай еді: әрбір азамат толық хабардар болуы тиіс және екі азаматтың ешқайсысына да бірігуге рұқсат берілмеуі қажет. Бірінші шартты Құдайдан тыс қоғамдастықтар ешқашан орындамайды, ал екінші шарттың табиғаты толық тиранияны талап етеді.

Жаман ба, жақсы ма, Қоғамдық келісім революционерлердің және тек Францияда ғана емес, Киелі Кітабына айналды; Руссоның ықпалы орасан зор болды. Өзінің маңыздылығын ешқашан жеткілікті бағалай алмаған Наполеон Еуропа басынан кешкен XVIII ғасыр XIX ғасырға ауысқан алпауыт өзгерістерге өзімен бірге Руссо да бірдей жауапты деді. Өзінің өлім сағаты жақындаған кезде ол: «Егер де Руссо екеуміз ешқашан өмір сүрмесек, дүние қазірдегіден де жаман болар ма еді деп кім айта алады?» деген сұрақ қойды.